

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)

Сурағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз

AJ7030D



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі

<b>1 Маңызды ақпарат</b>	2	<b>7 Өнім туралы ақпарат</b>	14
Қауіпсіздік	2	Ерекшеліктер	14
<b>2 Сіздің радиосағатыңыз</b>	4	<b>8 Ақаулықтарды жою</b>	15
Кіріспе	4		
Қораптың құрамы	4		
Негізгі құрылғыны шолу	5	<b>9 Ескерту</b>	16
<b>3 Жұмысты бастау</b>	7		
Батареяны салу	7		
Қуатты қосу	7		
Сағатты орнату	7		
Қосу	8		
<b>4 iPod/iPhone құрылғысынан ойнату</b>	9		
Үйлесімді iPod/iPhone	9		
iPod/iPhone құрылғысындағы дыбысты тыңдау	9		
iPod/iPhone құрылғысын алу	10		
iPod/iPhone құрылғысын зарядтау	10		
Дыбыс деңгейін реттеу	10		
<b>5 FM радионы тыңдау</b>	11		
FM радио станцияларын реттеу	11		
FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау	11		
FM радио станцияларын қолмен сақтау	11		
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	11		
<b>6 Басқа мүмкіндіктер</b>	12		
Оятқыш таймерін орнату	12		
Ұйқы таймерін орнату	13		
Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату	13		
Дисплей жарықтығын реттеу	13		

# 1 Маңызды ақпарат

## Қауіпсіздік

### Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, үштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
  - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
  - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
  - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.





## Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

## 2 Сіздің радиосағатыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) торабында тіркеңіз.

---

### Кіріспе

Осы радиосағат беретін мүмкіндіктер:

- FM радиосын тыңдау;
- аудионы iPod/iPhone немесе сыртқы құрылғыдан тыңдау;
- уақытты білу және
- оятармен, радиомен немесе iPod/iPhone дыбысымен ояну.


---

### Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі құрылғы (батареясымен)
- АТ адаптері (қосылатын аша)
- Пайдаланушы нұсқаулығы

## Негізгі құрылғыны шолу



### ① PRESET ▲▼

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- Сағат пен минутты дұрыстау.

### ② TUNING +/-

- FM радиостансасын баптау.
- Сағат пен минутты дұрыстау.

### ③ ①

- Радио сағатты қосу/өшіру.
- Радио сағатты күту режиміне ауыстырыңыз.

### ④ AL1/AL2

- Оятқышты орнату.
- Оятқыш параметрлерін көру.
- Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату.

### ⑤ SNOOZE/BRIGHTNESS

- Оятқышты кейінге қалдыру.
- Дисплей жарықтығын реттеу.

### ⑥ iPod/iPhone

- iPod/iPhone арналған қондырма.

- ⑦ **VOLUME +/-**
  - Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- ⑧ **SET**
  - Радиостансаларды автоматты түрде/ қолмен сақтау.
  - Сағатын қою.
- ⑨ **SLEEP**
  - Ұйқы таймерін орнату.
- ⑩ **SOURCE**
  - Ресурс таңдау.
- ⑪ **Батарея науасы**
- ⑫ **AUX IN**
  - Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.
- ⑬ **AL1/2 iPhone RADIO BUZZ**
  - Оятар ресурсын таңдау.
- ⑭ **DC 5V**
  - Қуат көзінің розеткасы.



# 3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

## Батареяны салу

### ! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареяда химиялық заттар бар, сондықтан оларды дұрыс тастау керек.
- Балаларды батареядан аулақ ұстаңыз.
- Перхлоратты материал - арнайы ұстау ережесі қолданылуы мүмкін. [www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate](http://www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate) торабын қараңыз.


### ≡ Ескертпе

- Қуат көзі ретінде тек айнымалы ток қуатын пайдалануға болады. Салынып қойған литий CR2032 батареясы сағат және оятар параметрлерінің ғана сақтық көшірмесін жасай алады.
- Қуат ажыратылған кезде дисплейдің артқы жарығы өшеді.

### Алғаш қолдану үшін:

Батареяны іске қосу үшін қорғаныш құлақшаны алыңыз.


### Батареяны ауыстыру үшін:



## Қуатты қосу

### ! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат кернеуі радиосағаттың артқы немесе түп жағында басылған кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.



## Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде сағат орнату режимін іске қосу үшін **SET** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ **[12H]** немесе **[24H]** шығады.
- 2 12/24 сағаттық форматты таңдау үшін **TUNING +/-** немесе **▲ / ▼** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Раस्ताу үшін қайтадан **SET** қайтадан басыңыз.  
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағат пен минутты орнату үшін 2-3-қадамдарды қайталаңыз.

### ≡ Ескертпе

- Егер сағат қолмен қойылмаса, iPod/iPhone қосылған кезде радио сағат iPod/iPhone құрылғысындағы уақытпен автоматты түрде синхрондайды.

---

## Қосу

- ① түймесін басыңыз.
  - ↳ Радио сағат соңғы таңдалған ресурсқа ауысады.

---

## Күту режиміне ауысу

Радио сағатты күту режиміне ауыстыру үшін

- ① түймесін басыңыз.
  - ↳ Сағат (қойылса) дисплейге шығады.

## 4 iPod/iPhone құрылғысынан ойнату

Осы радио-сағат арқылы iPod/iPhone дыбысын тыңдауға болады.

### Үйлесімді iPod/iPhone


Радио-сағат мына iPod және iPhone үлгілеріне қолдау көрсетеді:

Мыналар үшін жасалған.

- iPod touch (1, 2, 3 және 4-буын)
- Классикалық iPod
- Бейнесі бар iPod
- iPod nano (1, 2, 3,4,5 және 6-буын)
- Түсті дисплейі бар iPod
- Шағын iPod
- iPhone 4
- iPhone 3GS
- iPhone 3G
- iPhone

### iPod/iPhone құрылғысындағы дыбысты тыңдау

- 1 iPod/iPhone режимін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 iPod/iPhone құрылғысын докқа қойыңыз.




- 3 iPod/iPhone құрылғысындағы дыбысты ойната бастаңыз.

---

## iPod/iPhone құрылғысын алу

iPod/iPhone құрылғысын доктан тартып шығарыңыз.




---

## iPod/iPhone құрылғысын зарядтау

Радио-сағат қуат көзіне қосылған кезде докқа қойылған iPod/iPhone зарядтала бастайды.

---

## Дыбыс деңгейін реттеу



## 5 FM радионы тыңдау

### FM радио станцияларын реттеу



#### Кеңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Жақсырақ қабылдау үшін, антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 FM тюнер көзін таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 **TUNING +/-** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
  - ↳ Радиосағат күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.

- 3 Басқа стансаларды баптау үшін 2-қадамды қайталаңыз.

#### Станцияны қолмен реттеу үшін:

Оңтайлы қабылдау табылғанша **TUNING +/-** түймесін қайталап басыңыз.

### FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау

Ең көбі 20 FM радиостанциясын сақтауға болады.

Тюнер режимінде **SET** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.

- ↳ Радиосағат барлық қол жетімді FM радиостанцияларын сақтайды және бірінші қол жетімді станцияны автоматты түрде таратады.

### FM радио станцияларын қолмен сақтау

- 1 FM радиостанциясын реттеу.
- 2 **SET** түймесін басыңыз.
  - ↳ Таңдалған ала орнатылған сан жыпылықтай бастайды.
- 3 Нөмір таңдау үшін **PRESET ▲ / ▼** түймесін қайталап басыңыз.
- 4 Растау үшін қайтадан **SET** қайтадан басыңыз.
- 5 Басқа станцияларды сақтау үшін 1 - 4-қадамдарды қайталаңыз.



#### Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

### Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Сақтаулы нөмірді таңдау үшін тюнер режимінде **PRESET ▲ / ▼** түймесін басыңыз.

## 6 Басқа мүмкіндіктер

### Оятқыш таймерін орнату

#### Оятқышты орнату

Күту режимінде екі оятқышты әр түрлі уақытта сигнал шығаратын орнатуға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Оятар орнату режимін іске қосу үшін **AL1/AL2** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ Сағат таңбалары мен оятар белгішесі жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты орнату үшін **TUNING +/-** немесе **▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін **AL1/AL2** түймесін басыңыз.  
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Минут пен оятардың дыбыс деңгейін қою үшін 2 - 3 қадамдарды қайталаңыз.



### Оятқыш қоңырау көзін таңдау

Екі дабылға да оятар ресурсын таңдау үшін **AL1/2 iPhone RADIO BUZZ** басқару элементін реттеңіз.



Ескертпе

- Оятар уақыты жеткенде, таңдалған радио, дабыл немесе iPod/iPhone қосылады.
- 1-оятар/2-оятар үшін бірдей оятар ресурсын ғана таңдауға болады.
- Егер iPhone оятар ресурсы ретінде таңдалса, iPod/iPhone қосылмаған жағдайда радио сағат оның орнына дабыл ресурсына ауысады.

### Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату

- 1 Оятқыш параметрлерін көру үшін, **AL1/AL2** түймесін басыңыз.
- 2 Оятқыш таймерін іске қосу немесе ажырату үшін, **AL1/AL2** түймесін қайтадан басыңыз.  
↳ **▲ 1** не **▲ 2** оятар таймері қосылғанда шығады, ал өшірулі болғанда жоғалып кетеді.

Шығып жатқан оятқышты тоқтату үшін, сәйкес **AL1/AL2** түймесін басыңыз.

- ↳ Оятқыш қоңырау келесі күні қайтадан соғылады.

### Оятқыш қоңырауды кейінге қалдыру

Оятқыш дыбысы шыққанда, **SNOOZE** түймесін басыңыз.

- ↳ Оятқыш кейінге қалдырылып, тоғыз минуттан кейін қайтадан шырылдайды.

Оятқыш аралығын (минуттар түрінде) реттеу үшін **SNOOZE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

---

## Ұйқы таймерін орнату

Осы радиосағат алдын ала орнатылған кезеңнен кейін құту режиміне автоматты түрде ауыса алады.

Ұйқы таймерінің кезеңін (минуттар түрінде) таңдау үшін, **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zZ** көрсетіледі.


Ұйқы таймерін өшіру үшін [**OFF**] (өшірулі) көрсетілгенше **SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.

15 → 30 → 60 → 90 → 120  
↑ OFF ↓

---

## Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату

Осы радио-сағат арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдауға болады.

- 1 Аудио кабельді төмендегілерге жалғаңыз:
  - **AUX IN** ұяшығына және
  - сыртқы құрылғыдағы **AUDIO OUT** ұяларына.
- 2 **AUX** ресурсын таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.  
↳  көрсетіледі.
- 3 Сыртқы құрылғыны ойната бастаңыз (осы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

---

## Дисплей жарықтығын реттеу

Басқа жарықтық деңгейлерін таңдау үшін **BRIGHTNESS** түймесін қайталап басыңыз.

# 7 Өнім туралы ақпарат

## Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	198 x 71 x 111 мм

Салмағы	
- Қорабымен	0,9 кг
- Негізгі құрылғы	0,5 кг

## Ерекшеліктер

### Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 X 3 Вт ОКМ
-----------------------	--------------

### Теңшегіш

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц
---------------	--------------------

Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	FM: <22 дБф
--	-------------

Іздеуді таңдау мүмкіндігі	FM: <28 дБж
------------------------------	-------------

Гармоникалық мазмұн	FM: <2%
---------------------	---------

Сигнал-шу арақатынасы	FM: >55 дБ
--------------------------	------------

### Жалпы ақпарат

АТ қуаты	Модель: ASSA1E-050200; Шығыс: 5 В; 2 А
----------	---

Жұмыс үшін қуат тұтынуы	8 Вт
----------------------------	------

Күту режимінде қуат тұтынуы	<1 Вт
--------------------------------	-------



## 8 Ақаулықтарды жою



### Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіккеніз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

### Қуат жоқ

- Радиосағаттың АТ адаптерінің ашасы дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.

### Радио-сағаттан жауап жоқ

- АТ адаптерінің ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін радио-сағатты қайтадан қосыңыз.

### Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын түгелдей созыңыз.

### Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

### Сағат/оятқыш параметрі өшіріліп кеткен

- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/оятқышты бастапқы қалпына келтіріңіз.

## 9 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды

қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

### Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



«iPod үшін жасалған» және «iPhone үшін жасалған» электрондық қосалқы құралдың арнайы iPod немесе iPhone құрылғысына қосылу үшін жасалғанын, сәйкесінше Apple өнімділік стандарттарына сәйкес келу үшін әзірлеуші тарапынан куәландырылғанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Осы қосалқы құралды iPod немесе iPhone құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмысқа әсер етуі мүмкін екендігін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.



### Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.



Specifications are subject to change without notice.

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX

Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

AJ7030D\_UM\_12\_V3.1

